

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

1. Окимбеков У. Торгово-экономические отношения Афганистана со странами Центральной Азии: Состояние и перспективы // *Kazakhstan Journal of Foreign Studies*, №1–2 (3–4) 2022, С. 135.
2. Президент Садыр Жапаров: В нынешних кризисных условиях международных отношений страны ЦА будут еще более тесно сотрудничать, чтобы продвигать общие интересы региона на мировой арене [Электронный ресурс]. URL: <https://president.kg/news/all/23377> (дата обращения: 08.03.2024)
3. Статистический ежегодник Кыргызской Республики 2018–2022. Бишкек, 2023.
4. О CASA-1000 [Электронный ресурс]. URL: <https://casa-1000.kg/> (дата обращения: 08.03.2024)
5. Международный транспортный коридор Север-Юг (INSTC) и порт Чабахар – новые коридоры [Электронный ресурс]. URL: <https://www.mk.kg/economics/2022/10/26> (дата обращения: 08.03.2024)
6. Глава Минэкономики Кыргызстана отправился в Кабул — расширить сотрудничество [Электронный ресурс]. URL: <https://24.kg/ekonomika/285020> (дата обращения: 08.03.2024)
7. Делегация Кыргызской Республики доставила в Афганистан гуманитарную помощь [Электронный ресурс]. URL: <https://president.kg/news/all/22273> (дата обращения: 08.03.2024)
8. Глава МИД Киргизии сообщил о продолжении выдачи студенческих виз гражданам Афганистана [Электронный ресурс]. URL: <https://mfa.gov.kg/ru/osnovnoe-menyu/press-sluzhba/prikreplennye-novosti/-tashkent-shaarynda-kyrgyz-respublikasynyn-tyshky-ishter-ministri-ruslan-kazakbaev-italiya-respublikasy--borborduk-aziya-kyzmattashtyk-formatyndagy-ministrlerdin-ekinchi-zholugushuusuna-katyshty> (дата обращения: 08.03.2024)

ӘОЖ 327

## ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІНЕ ӘСЕРІ

**Ендібай Мағжан Әділбекұлы**

[magzhanyendibay01@gmail.com](mailto:magzhanyendibay01@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ. Даркенов

Орталық Азия елдері мен Түркия арасындағы білім және мәдениет саласындағы қатынастар 1991 жылы аймақ елдерінің тәуелсіздік алған сәтінен бастап қалыптаса бастады. Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиттерінде, екіжақты кездесулерде елдер арасындағы мәдениет пен тіл жақындығы сияқты тақырыптар үнемі көтеріліп жүрді [1].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап Түркиямен мәдениет және білім деңгейінде өзара ынтымақтастықты орнатуды бастады. Екі мемлекеттің қарым-қатынасын дамытуға негіз болған алғашқы құжат 1992 жылы мамырда қол қойылған Мәдениет, ғылым, білім және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім болды. Осы құжатқа сәйкес, екі ел театр, музыка, опера, балет және басқа да өнер саласындағы қарым-қатынастарды дамытуға, сондай-ақ осы салаларда бірлескен қызмет пен өзара іссапарларды ұйымдастыруға келісті. Олар музыканың түрлі салаларында әртістер және ансамбльдер арқылы тәжірибе алмасуға да уағдаласты [2].

Нәтижесінде сол жылдың қараша айында Алматыда Түркияның Қазақстандағы мәдениет күндері өтті [3]. 1992 жылы түрік тарапы арнайы құрылған телеарнаны Әзірбайжан мен Орталық Азияның кейбір мемлекеттеріне таратуды ұйымдастыра алды. Сондай-ақ, осы жылы Түркістан қаласының маңындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта жаңарту бойынша түрік тарапының

демеушілік және жұмыстарды орындауы туралы келісім жасалды. Жалпы қалпына келтіру 7 жылды қажет етті және тек 2000 жылы аяқталды [4]. Түркия парламенті қаржыландыруды өз мойнына алды. Шығыстар 54 миллион долларды құрады [5].

1992 жылы тағы бір маңызды оқиға ретінде Түркістан қаласындағы Түркістан мемлекеттік университетінің А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылуын атап өтуге болады [6]. Қазіргі уақытта Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет, ЖОО-да әлемнің 17 елінің жастары мен 30 ұлт пен ұлыс өкілдері арасында мәдениетаралық диалогы мен ұлтаралық толерантты тәрбие жүріп жатыр. Аталған оқу орны елдегі ең ірі жоғары оқу орындарының біріне айналды, оның құрамында 10 факультет, Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі, кәсіптік колледж, 6 ғылыми-зерттеу институты, докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған диссертациялық кеңес бар, университетте 10 мыңнан астам студенттер, интерндер, магистранттар, резиденттер мен докторанттар, сондай-ақ дайындық факультетінің тыңдаушылары білім алады. Өзінің жұмыс істеген жылдары университет 76 мыңнан астам жас мамандарды дайындап шықты [7].

1994 жылдың қыркүйегінде ҚР Мәдениет министрі Алматы қаласында Түркия делегациясын бастаған Түркия Ұлы ұлттық жиналысының депутаты Халил Шывғын мырзамен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті. Делегацияның мақсаты – Қазақстан мен Түркия арасындағы саясат, экономика және мәдениет саласындағы қарым-қатынастардың даму серпінін көрсететін Еуразия арнасына бағдарламаларды дайындау. Бұл түрік тарапының Қазақстан – Түркия іс-шараларын жариялауға және жұртшылықтың назарын аударуға деген ұмтылысын тағы да растайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының мұндай назары мәдени шараларды кеңейтуге түрткі болды, осылайша тараптар арасындағы жалпы мәдени ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етті.

1995 жылы наурызда Анкарадағы қазақстандық делегация «Наурыз» мерекесін түріктермен бірге атап өтті. Сол жылдың сәуір айында бүкіл Түркияда өткен ұлы ақын Абайдың 150 жылдығының салтанатына қатысты [3].

Түркия ұсынған жобалардың ішінде Қазақстан жас мемлекет болғандықтан өзіне өте қажетті мәдениет саласындағы мамандарды даярлауға, сондай-ақ Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жоспарларына ерекше қызығушылық танытты. Қазақстан мен Түркия арасында қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес, түрік үкіметі өзінің мәдениет оқу орындарында ескерткіштерді қалпына келтіру шеберлері, қолданбалы өнер шеберлері, шығыс халықтарының тарихы мен мәдениет теориясы, мұражайтану, музыка және драма театрларының режиссерлері, кітапханатану, мәдениет мекемелерінің жұмысын ұйымдастырушылар, музыкалық білім беру және театртану мамандықтары бойынша 100 орын бөлуге келісті.

ҚР Мәдениет министрі Е. Рахмадиев Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Саудабаевқа үндеуінде «білікті мамандарды даярлауда Қазақстан өткір кемшілікті сезінетінін және Түркия қазақстандық студенттерді оқытуды бастауы мүмкін болатын оқу орындары, мамандықтар мен мерзімдер туралы ақпарат алуға нұсқау бергенін» атап өтті [8]. Е. Рахмадиев Түркия Республикасының Мәдениет министрі Д. Фикри Сағлар мырзадан Қазақстанның мәдениет мекемелері үшін мамандар даярлауға стипендия бөлу мәселесін қарауды сұрады [9]. Нәтижесінде, Мәдениет министрлігі өз саласы бойынша аса тапшы бағыттар бойынша 100 кандидатты іріктеуді жүзеге асырды және оларды Түркияға жіберді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуда тараптар арасындағы өзара іс-қимыл жеткілікті түрде жүзеге асырылғанын және әлі де жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн. Ең маңызды оқиғалар ретінде Юнус Эмре атындағы түрік мәдени орталығының ашылғанын, Түркияның экс-президенті Сүлеймен Демирел атындағы университет құрылғанын тілге тиек етуге болады. Сондай-ақ, Астанада Түркі

академиясы құрылып, жемісті жұмыстар атқаруда. Қазіргі уақытта Қазақстандық тарап түрік мемлекетаралық қорлары мен ұйымдары өткізетін түрлі іс-шараларға белсенді қатысады.

Бірақ Қазақстанның Түркиямен қарым-қатынастағы саясатының өзгеруін де ескеру қажет. Егер ҚР тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында тек түрік тарапы өткізетін іс-шаралар мен бағдарламаларға қатысқан болса, бүгінгі таңда Қазақстанның өзі түркі ұйымдары арқылы өз бастамаларын жүзеге асыруға ұмтылатыны анық. Атап айтқанда, «ТҮРКСОЙ» халықаралық түркі мәдениеті ұйымы аясында ҚР-ның өзі түркі әлемін Түркиямен тең құқылы серіктес, әрі көптеген жобалардың генераторы ретінде көрсете отырып, мәдени іс-шараларға бастамашы болып жүргенін байқауға болады [10]. Тіпті, сол «ТҮРКСОЙ» ұйымының құрылуы да 1993 жылы Қазақстанның бастамасымен болғанын айта кеткен жөн.

Бүгінде ТҮРКСОЙ-дың аясында түрлі форматтағы және бағыттағы іс-шаралар өтеді. Олар: классикалық және халық музыкасының концерттері, театр труппаларының, музыкалық және би ұжымдарының және түркі әлемінің басқа да өнер өкілдерінің фестивальдері. Халықаралық шығармашылық зертханалар, шеберлік сабақтары, шығармашылық кездесулер, ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар – мұның бәрі ұйымның күнтізбесінде жазылып тұр.

Әлемнің көптеген елдеріндегі жұртшылық ТҮРКСОЙ қамқорлығымен жұмыс істейтін, әлемдік сахналарда түркі халық музыкасын насихаттатап жүрген халықаралық ұжымдарға тәнті. Жастар камералық оркестрі мен жастар камералық хоры үш рет Еуропалық хор ойындарының алтын жүлдегерлері атанды. Көптеген елдердің көрермендерін өзінің талантымен Халық аспаптар оркестрі де бағындыруда. Жақында «Қорқыт Ата» халықаралық түркі әлемі кинофестивалін түркі әлемінің мәдени астаналары жариялаған қалаларда өткізу және іс-шаралар тізіміне енгізу туралы шешім қабылданды [11]. Сонымен қатар, ТҮРКСОЙ ұйымының Наурыз мерекесі, Опера күндері, фотографиялар, суретшілер және мүсіншілердің кездесуі сияқты дәстүрлі шаралары бар.

2023 жылдың желтоқсанында Париждегі ЮНЕСКО штаб пәтерінде «ТҮРКСОЙ» ұйымының 30 жылдық мерейтойы атап өтілді. Мерекелік шарада ұйымға мүше 7 елдің әртістері өнер көрсетті. Ұйымның Халық аспаптары оркестрі Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан және Түрікменстанның музыкалық мұрасындағы танымал туындыларды орындады. Қазақтың әйгілі «Қара жорғасы» мен Латиф Хамидидің «Бұлбұл» шығармасы да назардан тыс қалмады. Шара аясында түркі елдерінің жаңа мәдени астаналары таныстырылды. Ұйымдастырушылар Ақтау қаласында ауқымды іс-шаралар келер жылы жалғасын табатынын жеткізді [12].

Екі ел арасындағы соңғы жылдардағы мәдени-гуманитарлық байланыстарға шолу жасасақ. Түркияның аумағында еліміздің көрнекті ұлт қайраткерлері мен ақын-жазушылары Абай Құнанбайұлы, Абылай хан, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Мағжан Жұмабаев, Қабанбай батырдың құрметіне ескерткіштер орнатылған. Стамбулда 2003 жылы ашылған Абай атындағы орта мектеп жұмыс жасауда. 2020 жылы Эрзурум қаласында Фараби атындағы бастауыш мектеп және Муш қаласында Әл-Фараби атындағы Имам хатип орта мектебі ашылды.

Қазақстан Жазушылар одағы мен Түркия Жазушылар одағы арасындағы қатынастар қарқынды дамуда. Осы уақытқа дейін түрік тарапының қолдауымен 100-ден астам қазақстандық ақын-жазушылардың шығармалары түрік тіліне аударылды.

Түркия аумағында Қазақстанға қатысты 15 ескерткіш, 9 мәдениет үйі, 4 мектеп, 18 көше және 12 саябақ бар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филиалдары Алматы, Шымкент және Кентау қалаларында жұмыс істейді.

2021 жылы 1-3 шілде аралығында Түркия Президенті резиденциясындағы Президенттік Ұлттық кітапханада «Ұлттық Домбыра күніне» орай концерт ұйымдастырылып, Түркиядағы қазақ, түрік, татар, ноғай және жапон халықтарының өкілдерінен тұратын 50-ден астам өнерпаздың қатысуымен тұңғыш рет домбыра фестивалі Анкарада кеңінен аталып өтті.

Осы жылы 22-23 қыркүйек аралығында Стамбулда Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Қазақтардың кіші құрылтайы өтті. Еуропа және Түркия қазақтарының кіші құрылтайы шеңберінде қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Өзтүріктің ескерткіш саябағы ашылды.

2022 жылы 17 ақпанда Түркияның Қаратеңіз жағалауындағы Трабзон қаласында Абай Құнанбайұлының ескерткіші, 29 желтоқсанда Анкарада Ахмет Байтұрсынұлы атындағы саябақ ашылды және ескерткіші орнатылды.

2023 жылы 27 сәуірде Анкарада Түркия – Қазақстан достық саябағы ашылды. 2 қыркүйекте Анкарадағы Тәттімбет Қазанғапұлы саябағында Тәттімбеттің ескерткіші орнатылды.

Сонымен бірге, Түркияның 100 жылдығына, Әмен Қайдардың 100 жылдығына, Бикен Римованың 100 жылдығына, Мұзафар Әлімбаевтің 100 жылдығына, Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына, Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына, Мұрат Әуездің 80 жылдығына, ТҮРКСОЙ-дың 30 жылдығына байланысты Қазақстандық өнер ұжымдары Түркия аумағында бірқатар мәдени іс-шаралар өткізді. Жалпы, 38 конференция ұйымдастырылды, 15 мақала жарияланды, 6 кітап аударылды, 7 көрме өткізілді, 3 фильм аударылды, 8 концерт ұйымдастырылды, 2 театр қойылымы болды [13].

2018 жылдан бастап түрік мектептерінде жалпы түркі тарихын оқыту басталды. Бұл бағыттағы жаңа жетістік 2020 жылы «Түркілердің жалпы тарихы» бірыңғай мектеп оқулығының түрлі тілдерде басылуы болды. Авторлар ұжымы дайындаған оқулық бірден Түркия, Қазақстан және Әзірбайжандағы оқу бағдарламаларына енгізілді. 2022 жылы Халықаралық Түркі академиясының Ғылыми кеңесі «Түркі әлемінің географиясы» және «Түркі халықтарының жалпы әдебиеті» сияқты пәндер бойынша мектеп оқулықтарын бекітті [14]. Үш елдің мектептерінде осы оқулықтар бойынша оқыту басталды. Қазіргі кезеңде мәдениет саласы қазақ – түрік қатынастарының ең табысты бағыты деп айтуға болады. Оның дамуы дәстүрлі мемлекетаралық мәдени байланыстардан асып түседі. Түркия мен Қазақстанда жалпы оқулықтарды мемлекеттік деңгейде енгізудің арқасында жастардың бойында біртұтас тарихи сана мен географиялық түсініктерді қалыптастыру процесі басталды. Сонымен қатар, ұлттық әдеби шығармалар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ортақ мәдени құндылықтардың қалыптасуы жүріп жатыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдениет пен білім беру саласындағы ынтымақтастық өте қарқынды жүзеге асырылуда деген қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ, тараптар арасындағы қарым-қатынас деңгейінің біршама жоғарылағанын атап өткен жөн. Бұл Қазақстан тарапынан өзінің мәдени құндылықтары мен жетістіктерін жаңғыртуға және насихаттауға бағытталған іс-шараларға бастамашылық етуде көрініс тапты. Бүгінгі таңда екі ел бұл бағыттарда шамамен бірдей белсенділік танытуда.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Р. Вейцель. Влияние Турции на культуру и образование стран Центральной Азии // Ислам в современном мире, № 1/2014. С. 26-32.
2. Соглашение о сотрудничестве в области культуры, науки, образования и спорта // Казахстан - Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара. 1996. С. 311-315.
3. Е.Ф. Перепелица. Сотрудничество Республики Казахстан и Турецкой Республики в области культуры в I половине 1990-х годов // Вестник ВолГУ. Серия 4: История. Регионоведение. Международные отношения. № 12, 2007. С. 175.
4. Л. Доброта. Все дело в кровле. Продолжается реставрация мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави. <http://www.kazpravda.kz/c/1301599065>.
5. Турция спешит в Туркестан // Казахстанская правда. 1992. 26 дек.
6. Л. Доброта. Туркестан наша общая гордость. Н. Назарбаев и А. Гюль посетили «духовную столицу» тюркского мира. <http://userdocs.ru/pravo/28900/index.html>.
7. Ахмет Ясауи университеті: Университет тарихы. <https://ayu.edu.kz/kz/50/tarihce>.

8. [Служебная записка министра культуры Е. Рахмадиева Чрезвычайному и Полномочному Послу РК в Республике Турция Саудабаеву К.Б.] // ЦГА РК. Ф. 1890. Оп. 3 (пр). Д. 3443. Л. 33.
9. [Служебная записка заместителя министра Т. Альпиева в Посольство РТ в Казахстане] // ЦГА РК. Ф. 1890. Оп. 3 (пр). Д. 3443. Л. 38.
10. В. Шацких. Турецкий марш. <http://www.zonakz.net/articles/65025>
11. Информбюро: ТЮРКСОЙ: от культурного кода – к региональной безопасности и экономическим связям. <https://informburo.kz/stati/tyurksoi-ot-kulturnogo-koda-k-regionalnoi-bezopasnosti-i-ekonomiceskim-svyazyam?ysclid=lueagmq76c430438885>
12. Хабар телеарнасы: «ТЮРКСОЙ» ұйымына 30 жыл. <https://khabar.kz/kk/news/alemde/item/156062-turksoj-ujymyna-30-zhyl>.
13. ҚР СІМ: Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы қатынастар. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/513?lang=kk&ysclid=lt8y9et4f4943628925>.
14. МИА Казинформ: Международная тюркская академия утвердила общие учебники. [https://www.inform.kz/ru/mezhdunarodnaya-tyurkskaya-akademiya-utverdila-obschie-uchebniki\\_a3948397](https://www.inform.kz/ru/mezhdunarodnaya-tyurkskaya-akademiya-utverdila-obschie-uchebniki_a3948397).

ӘОЖ 32.325

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПОПУЛИЗМ

**Жақсылық Назерке Ерланқызы**

[zhaksylykova.naz@mail.ru](mailto:zhaksylykova.naz@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Г. Даркенов

Орталық Азиядағы Популизм – бұл Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан сияқты бірқатар елдердің саясатында байқалатын құбылыс. Популизм саяси көшбасшылардың танымал және жиі утопиялық идеялар мен бағдарламаларды жүзеге асыру уәделері арқылы халықты тартуға және қолдауға ұмтылуымен сипатталады. Популизм – бұл шынайылық пен оларды орындау мүмкіндігіне қарамастан, олардың тілектері мен талаптарын орындауға уәде беру арқылы көпшілікке танымал болу және қолдау идеясына негізделген саяси тәсіл. Популистер әдетте "элиталарға" немесе "жүйеге" қарсы тұратын біртұтас және бұзылмайтын "халықтың" бейнесін жасауға тырысады. Популизм сол және оңшыл саяси қозғалыстарда да көрінуі мүмкін. Бұл тәсіл қысқа мерзімде сәтті болуы мүмкін, кең қолдауды тартады, бірақ ұзақ мерзімді перспективада қоғамда теңгерімсіздік, қанағаттанбау және дау тудыруы мүмкін. Орталық Азиядағы популизмнің көріністері көбінесе танымал ұрандарды, уәделерді және анти-элиталық риториканы қолданумен байланысты. Популистік әдістерді қолданатын көшбасшылар жағдайдың күрделілігін және олардың әрекеттерінің ықтимал теріс салдарын елемей, күрделі мәселелерді тез және оңай шешуге уәде бере алады. Орталық Азия саясатындағы популистік тенденциялар билеуші режимдердің билігін нығайту, оппозицияны басу және азаматтық қоғамның бостандықтарын шектеу үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, көбінесе популистік уәделер қабылданған шешімдер мен сыбайлас жемқорлықтың жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін. Жағымсыз жақтарына қарамастан, популизм де оң әсер етуі мүмкін, мысалы, маңызды қоғамдық мәселелерді талқылауды ынталандыру немесе халықтың наразылығын анықтау. Орталық Азиядағы популизм, бүкіл әлем сияқты, оң және теріс салдарлармен байланысты күрделі құбылыс екенін түсіну маңызды. Тұрақты және гүлденген